

"Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-02/584 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 106 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 наурызда № 32124 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-02/584 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11913 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 15) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген фитосанитариялық есепке алу нысандары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсыну қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 20 наурыздағы
№ 106 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 29 маусымдағы
№ 15-02/584 бұйрығына
2-қосымша

Фитосанитариялық есепке алу нысандары

Әкімшілік деректерді жинауға арналған фитосанитариялық есепке алу нысандары:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясына;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясына;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне ұсынылады.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған фитосанитариялық есепке алу нысандары www.gov.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: ФУ – 1

Кезеңділігі: жартыжылдық

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ (жартыжылдық)

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар, өсімдіктерді

Мердің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
"Пестицидтерді, биоагенттерді
өндіру және (немесе) өткізу
туралы есеп" нысанына
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есеп" (индексі – ФУ – 1, кезеңділігі жартыжылдық) нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды:

қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясына жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 10 шілдеге дейін және 10 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясына жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 15 шілдеге дейін және 15 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 20 шілдеге дейін және 20 қаңтарға дейін ұсынады.

4. Нысанға бірінші басшы, ол болмаған жағдайда – оның міндеттерін атқарушы адам қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан қазақ немесе орыс тілдерінде толтырылады.

6. Нысан жарты жыл ішінде жүзеге асырылған пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы ақпаратты қамтиды.

7. Егер тиісті көрсеткішке осы түсіндірмеде өзгеше айтылмаса, барлық көрсеткіштер міндетті түрде толтырылады.

8. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 2-бағанында пестицидтің, биоагенттің атауы көрсетіледі.

10. Нысанның 3-бағанында өлшем бірлігі (литр, килограмм, дана) көрсетіледі.

11. Нысанның 4-бағанында есепті кезеңнің басындағы пестицидтердің биоагенттердің қалдық мөлшері көрсетіледі.

12. Нысанның 5-бағанында есепті кезеңде өндірілген пестицидтің, биоагенттің литрінің саны көрсетіледі.

13. Нысанның 6-бағанында есепті кезеңде, оның ішінде импорт бойынша және ел ішінде сатып алынған пестицидтердің, биоагенттердің жалпы саны көрсетіледі (нысанның 6-бағанының мәні 7 және 9-бағандар мәндерінің қосындысына тең).

14. Нысанның 8 және 10-бағандарында сатып алынған субъектінің атауы көрсетіледі.

15. Нысанның 11 және 12-бағандарында есепті кезеңде өткізілген немесе берілген пестицидтердің саны көрсетіледі.

16. Нысанның 13-бағанында пестицидтер, биоагенттер өткізілген немесе берілген субъектінің атауы көрсетіледі.

17. Нысанның 14-бағанында есепті кезеңнің соңындағы пестицидтердің, биоагенттердің қалдық саны көрсетіледі.

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: ФУ-2

Кезеңділігі: жартыжылдық

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ (жартыжылдық)

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар, өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар, өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясына жылына екі рет, нақты қозғалған орны бойынша 10 шілдеге дейін және 10 қаңтарға дейін;

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды:

қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясына жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 10 шілдеге дейін және 10 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясына жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 15 шілдеге дейін және 15 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 20 шілдеге дейін және 20 қаңтарға дейін ұсынады.

4. Нысанға бірінші басшы, ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан қазақ немесе орыс тілінде толтырылады.

6. Нысан жарты жыл ішінде жүзеге асырылған пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы ақпаратты қамтиды.

7. Егер тиісті көрсеткішке осы түсіндірмеде өзгеше айтылмаса, барлық көрсеткіштер міндетті түрде толтырылады.

8. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 2-бағанында пестицидтер қолданылу объектілері бойынша олардың өндірістік жіктеуішіне сәйкес (инсектицидтер, фунгицидтер, гербицидтер, тұқым дәрілегіштер, биопрепараттар, родентицидтер және басқалары), биоагенттер көрсетіледі.

10. Нысанның 3-бағанында әсер етуші затын көрсете отырып пестицидтің, биоагенттің атауы көрсетіледі.

Р/с №	Пестицидтің, биоагенттің атауы	Есепті кезеңнің басындағы болғаны	Есепті кезеңде келіп түскені	Есепті кезеңде жіберілгені	Есепті кезеңнің соңындағы қалдық
1	2	3	4	5	6

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) қолы,

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) қолы

Күні 20__ жылғы " __ " _____

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Әкiмшiлiк деректердi
жинауға арналған
"Пестицидтердi, биоагенттердi
сақтау туралы есеп" нысанына
қосымша

**Әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған "Пестицидтердi, биоагенттердi сақтау туралы есеп"
(индексi – ФУ – 3, кезендiлiгi жылдық) нысанын толтыру бойынша түсiндiрме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсiндiрме әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған "Пестицидтердi, биоагенттердi сақтау туралы есеп" нысанын (бұдан әрi – Нысан) толтыру бойынша бiрыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Өсiмдiктердi қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 15) тармақшасына сәйкес әзiрлендi.

3. Нысанды:

қызметi мемлекеттiк фитосанитариялық бақылау объектiлерiмен байланысты жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлiгi Агроөнеркәсiптiк кешендегi мемлекеттiк инспекция комитетiнiң аудандық аумақтық инспекциясына жыл сайын, нақты сақталу орны бойынша 10 қаңтарға дейiн;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлiгi Агроөнеркәсiптiк кешендегi мемлекеттiк инспекция комитетiнiң аудандық аумақтық инспекциясы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлiгi Агроөнеркәсiптiк кешендегi мемлекеттiк инспекция комитетiнiң облыстық аумақтық инспекциясына жыл сайын, нақты сақталу орны бойынша 15 қаңтарға дейiн;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне жыл сайын, нақты сақталу орны бойынша 20 қаңтарға дейін ұсынылады.

4. Нысанға бірінші басшы, ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан қазақ немесе орыс тілінде толтырылады.

6. Нысан бір жыл ішінде жүзеге асырылған пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы ақпаратты қамтиды.

7. Егер тиісті көрсеткішке осы түсіндірмеде өзгеше айтылмаса, барлық көрсеткіштер міндетті түрде толтырылады.

8. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 2-бағанында пестицидтің, биоагенттің атауы көрсетіледі.

10. Нысанның 3-бағанында пестицидтің, биоагенттің есепті кезеңнің басында болған саны көрсетіледі.

11. Нысанның 4-бағанында есепті кезеңде сатып алынған пестицидтің, биоагенттің литр саны көрсетіледі.

12. Нысанның 5-бағанында есепті кезеңде жұмсалған пестицидтердің, биоагенттердің жалпы саны көрсетіледі.

13. Нысанның 6-бағанында есепті кезеңінің соңындағы пестицидтердің, биоагенттердің қалдық саны көрсетіледі.

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Химиялық өңдеулер жүргізу туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: ФУ-4

Кезеңділігі: айлық

Есепті кезең: 20 __ жылғы _____ (ай)

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар, өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар, өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

Күні 20__ жылғы " __ " _____

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Әкiмшiлiк деректердi
жинауға арналған
"Химиялық өңдеулер жүргiзу
туралы есеп" нысанына
қосымша

Әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған "Химиялық өңдеулер жүргiзу туралы есеп" (индексi – ФУ – 4, кезеңдiлiгi айлық) нысанын толтыру бойынша түсiндiрме

1-тарау. Жалпы ережелер

Осы түсiндiрме әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған "Химиялық өңдеулер жүргiзу туралы есеп" нысанын (бұдан әрi – Нысан) толтыру бойынша бiрыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Өсiмдiктердi қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 15) тармақшасына сәйкес әзiрлендi.

3. Нысанды:

қызметi мемлекеттiк фитосанитариялық бақылау объектiлерiмен байланысты жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлiгi Агроөнеркәсiптiк кешендегi мемлекеттiк инспекция комитетiнiң аудандық аумақтық инспекциясына наурыздан қыркүйекке дейiн ай сайын, есептi айдан кейiнгi әр айдың 10-на дейiн;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлiгi Агроөнеркәсiптiк кешендегi мемлекеттiк инспекция комитетiнiң аудандық аумақтық инспекциясы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлiгi Агроөнеркәсiптiк кешендегi мемлекеттiк инспекция комитетiнiң облыстық аумақтық инспекциясына наурыздан қыркүйекке дейiн ай сайын, есептi айдан кейiнгi әр айдың 15-не дейiн;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлiгi Агроөнеркәсiптiк кешендегi мемлекеттiк инспекция комитетiнiң облыстық аумақтық инспекциясы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлiгiнiң Агроөнеркәсiптiк кешендегi мемлекеттiк инспекция комитетiне наурыздан қыркүйекке дейiн ай сайын, есептi айдан кейiнгi әр айдың 20-на дейiн ұсынады.

4. Нысанға бiрiншi басшы, ол болмаған жағдайда – оның мiндетiн атқарушы адам қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсiндiрме

5. Нысан қазақ немесе орыс тiлiнде толтырылады.

6. Нысан ай сайын жүзеге асырылған химиялық өңдеулер жүргізу туралы ақпаратты қамтиды.

7. Егер тиісті көрсеткішке осы түсіндірмеде өзгеше айтылмаса, барлық көрсеткіштер толтыру үшін міндетті болып табылады.

8. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 2-бағанында пестицидтермен, биоагенттермен өңдеу жүргізілген зиянды организмнің атауы көрсетіледі.

10. Нысанның 3-бағанында химиялық өңдеулер жүргізілген ауыл шаруашылығы дақылының, алқаптың атауы көрсетіледі.

11. Нысанның 4-бағанында зиянды/карантиндік объектінің экономикалық шегінен асатын өте қауіпті зиянкестер және (немесе) зиянкестердің таралу аймағы көрсетіледі.

12. Нысанның 5-бағанында танаптың кадастрлық нөмірі көрсетіледі.

13. Нысанның 6-бағанында аса қауіпті зиянды организмге және (немесе) зиянды организмге карантиндік объектіге қарсы өңдеу алаңы (көлемі) көрсетіледі.

14. Нысанның 7-бағанында пестицидтермен, биоагенттермен өңдеу бойынша көрсетілетін қызметті жеткізушінің орындаушыларының атауы көрсетіледі.

15. Нысанның 8-бағанында химиялық өңдеулерді жүргізген техниканың түрі көрсетіледі.

16. Нысанның 9-бағанында химиялық өңдеулерді жүргізген техниканың маркасы көрсетіледі.

17. Нысанның 10-бағанында химиялық өңдеулерді жүргізген техниканың саны көрсетіледі.

18. Нысанның 11-бағанында химиялық өңдеулер жүргізілген пестицидтердің атауы көрсетіледі.

19. Нысанның 12-бағанында химиялық өңдеулер жүргізу кезінде жұмсалған пестицидтердің саны көрсетіледі.

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардан босаған ыдыстарды, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: ФУ-5

Кезеңділігі: жылдық

Есепті кезең: 20 __ жылғы _____ (жыл)

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар, өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар, өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар.

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) қолы

Күні 20__ жылғы " __ " _____

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Әкiмшiлiк деректердi
жинауға арналған
"Тыйым салынған, жарамсыз
пестицидтердi және олардан
босаған ыдыстарды
залалсыздандыру жөнiндегi
есеп" нысанына
қосымша

Әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған "Тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтердi және олардан босаған ыдыстарды, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердiң ыдыстарын залалсыздандыру жөнiндегi есеп" (индексi – ФУ – 5, кезеңдiлiгi жылдық) нысанын толтыру бойынша түсiндiрме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсiндiрме әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған "Тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтердi және олардан босаған ыдыстарды, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердiң ыдыстарын залалсыздандыру жөнiндегi есеп" нысанын (бұдан әрi – Нысан) толтыру бойынша бiрыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Өсiмдiктердi қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 15) тармақшасына сәйкес әзiрлендi.

3. Нысанды:

қызметi мемлекеттiк фитосанитариялық бақылау объектiлерiмен байланысты жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлiгi Агроөнеркәсiптiк кешендегi мемлекеттiк инспекция комитетiнiң аудандық аумақтық инспекциясына жыл сайын, 10 қаңтарға дейiн;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлiгi Агроөнеркәсiптiк кешендегi мемлекеттiк инспекция комитетiнiң аудандық аумақтық инспекциясы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлiгi Агроөнеркәсiптiк кешендегi мемлекеттiк инспекция комитетiнiң облыстық аумақтық инспекциясына жыл сайын, 15 қаңтарға дейiн;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлiгi Агроөнеркәсiптiк кешендегi мемлекеттiк инспекция комитетiнiң облыстық аумақтық инспекциясы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлiгiнiң Агроөнеркәсiптiк кешендегi мемлекеттiк инспекция комитетiне жыл сайын, 20 қаңтарға дейiн ұсынады.

4. Нысанға бірінші басшы, ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан қазақ немесе орыс тілінде толтырылады.

6. Нысан жыл сайын жүзеге асырылған тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардан босаған ыдыстарды залалсыздандыру жөніндегі ақпаратты қамтиды.

7. Егер тиісті көрсеткішке осы түсіндірмеде өзгеше айтылмаса, барлық көрсеткіштер міндетті түрде толтырылады.

8. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 2-бағанында тыйым салынған, жарамсыз пестицидтер мен олардан босаған ыдыстарды, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын залалсыздандыруға қойған жеке және заңды тұлғалардың атауы көрсетіледі.

10. Нысанның 3-бағанында тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтердің атауы көрсетіледі.

11. Нысанның 4-бағанында тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтердің саны (килограмм, литр) көрсетіледі.

12. Нысанның 5-бағанында ыдысы залалсыздандырылуы тиіс пестицидтің атауы көрсетіледі.

13. Нысанның 6-бағанында пайдаланылған пестицидтер ыдыстарының саны көрсетіледі.

14. Нысанның 7-бағанында залалсыздандыру күні көрсетіледі.

15. Нысанның 8-бағанында бункердің нөмірі, орналасқан жері көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 20 наурыздағы
№ 106 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 29 маусымдағы
№ 15-02/584 бұйрығына
3-қосымша

Фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 15) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16

-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Фитосанитариялық есепке алу нысандарын мыналар ұсынады:

1) қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар;

2) өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар;

3) өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар.

3. Өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (бұдан әрі – Комитет) болып табылады.

2-тарау. Фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсыну тәртібі

4. Қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – фитосанитариялық есепке алу субъектілері):

1) пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу;

2) пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы;

3) пестицидтерді, биоагенттердің сақтау;

4) пестицидтер, биоагенттер қолданылатын химиялық өңдеулер жүргізу;

5) тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтер мен олардан босаған ыдыстарды, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтер ыдыстарын залалсыздандыру бойынша фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді.

5. Фитосанитариялық есепке алу субъектілері фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша фитосанитариялық есептілікті пестицидтерді, биоагенттерді өндіру, өткізу, қолдану, қызмет көрсету, қозғалысы, сақтау, залалсыздандыру, фитосанитариялық мониторинг жүргізу орны бойынша Комитеттің аудандық аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – аудандық инспекция) ұсынады.

6. Әкімшілік деректерді жинауға арналған фитосанитариялық есепке алу нысандарын фитосанитариялық есепке алу субъектілері аудандық инспекцияларға есептердің мынадай түрлері бойынша және мерзімдерде ұсынады:

1) лицензия негізінде пестицидтерді, өндіруді (формуляциялауды), сатып алуды және өткізуді, биоагенттерді өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есебін ай сайын, қаңтардан желтоқсанға дейін есепті айдан кейінгі әр айдың 10-на дейін;

2) пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп, жылына екі рет, бір рет 10 шілдеге дейін және бір рет 10 қаңтарға дейін;

3) пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есеп жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

4) өз өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін пестицидтерді, биоагенттерді қолдануды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің химиялық өңдеулер жүргізуі туралы есеп ай сайын, наурыздан қазанға дейін, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін;

5) тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардан босаған ыдыстарды, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын залалсыздандыруды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зиянсыздандыру жөніндегі есеп жыл сайын, 10 қаңтарға дейін.

7. Фитосанитариялық есепке алу нысандарын фитосанитариялық есепке алу субъектілері аудандық инспекцияларға қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда ұсынады. Әкімшілік деректердің толтырылған нысандары Комитеттің ресми интернет-ресурсында көрсетілген аудандық инспекциялардың электрондық мекенжайларына жіберіледі.

8. Аудандық инспекция фитосанитариялық есепке алу субъектілері ұсынған фитосанитариялық есептер негізінде кейіннен Комитеттің облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – облыстық инспекция) ұсына отырып, осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді.

9. Фитосанитариялық есепке алу нысандарын аудандық инспекцияның мемлекеттік инспекторы облыстық инспекцияларға есептердің мынадай түрлері бойынша және мерзімдерде ұсынады:

1) пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есеп, ай сайын, қаңтардан желтоқсанға дейін есепті айдан кейінгі әр айдың 15-не дейін;

2) пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп, жылына екі рет, бір рет 15 шілдеге дейін және бір рет 15 қаңтарға дейін;

3) пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есеп, жыл сайын, 15 қаңтарға дейін;

4) химиялық өңдеулерді жүргізу туралы есеп, ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әр айдың 10-күніне дейін;

5) тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардан босаған ыдыстарды, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі есеп, жыл сайын, 15 қаңтарға дейін.

10. Облыстық аумақтық инспекцияның өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы ұсынылған фитосанитариялық есептер негізінде фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді, оны кейін Комитетке ұсынады.

11. Фитосанитариялық есепке алу нысандарын облыстық инспекцияның мемлекеттік инспекторы Комитетке есептердің мынадай түрлері бойынша және мерзімдерде ұсынады:

- 1) пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есеп, қаңтардан желтоқсанға дейін, есепті айдан кейінгі әр айдың 20 дейін;
- 2) пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп, жартыжылдық, жылына екі рет, бір рет 20 шілдеге дейін және бір рет 20 қаңтарға дейін;
- 3) пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есеп, жыл сайын, 20 қаңтарға дейін;
- 4) химиялық өңдеулер жүргізу туралы есеп, ай сайын, наурыздан қазанға дейін, есепті айдан кейінгі әр айдың 15-күніне дейін;
- 5) тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардан босаған ыдыстарды, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі есеп, жыл сайын, 20 қаңтарға дейін.

12. Өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген есептер түрлері бойынша және мерзімдерде фитосанитариялық есептілікті Комитетке ұсынады.